



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2025 жыл « 25 » 04
Алға қаласы

№ 214

« _____ » _____ 2025 год
город Алға

Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатына аукцион өткізу тізбесін, нақты сауда-саттық объектілерін, сауда-саттық өткізу нысанын, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісін айқындау және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасын, кепілдік жарналардың мөлшерін бекіту туралы


Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығын, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-II «Жер кодексінің» 17, 48 баптарын, басшылыққа ала отырып, Алға аудандық жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша «Жер кадастры және ЖМТТ» департаменті әзірлеген жерге орналастыру жобасына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алға ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жер пайдалану құқығын сату мақсатында аукцион өткізу тізбесі, нақты сауда-саттық объектілері, сауда-саттық өткізу нысаны, аукциондық сату нысаны кезінде сауда-саттықты өткізу әдісі айқындалсын және сауда-саттыққа шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы, ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысы Алға аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бөлім басшысы Қ.Б.Нұрсұлтан) тиісті қаулы бойынша қажетті жұмыстарды жүргізуге міндеттелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Б.Султановқа жүктелсін.

Аудан әкімінің м.а



С.Муканов